

«БІЛІМДІ БОЛУҒА – ОҚУ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында білім сапасын жақсартуда нақты тапсырмалар берді.

Қазіргі таңда елімізде коронавирус індетінің салдарынан оқушылар мен студенттер қашықтан білім алуда. Бұл мектеп ұстаздары мен жоғары оқу орындары оқытушыларының жұмыс тәсілін түбегейлі өзгертті. Дей тұрғанмен қолда бар мүмкіндікті қолданып, бұл жүйені меңгеру аса қиындық әкелген жоқ. Президенттің Жолдауын негізге ала отырып, М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасы қазіргі таңда студенттерге «Zoom», «Microsoft Teams» платформалары арқылы білім береді.

Қазіргі уақытта әскери кафедрада 500-ден аса студент қатарынан 7 әскери-есептік мамандық бойынша запастағы офицерлерді даярлауда. Атап айтқанда:

- Радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;

- От шашқыш және түтін бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;

- Қару-жарақ пен радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын, экологиялық бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану және жөндеу;

- Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану;

- Танк бөлімшелерін, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану;

- Қарулы Күштердің жауынгерлік іс-қимылдарының радиациялық, химиялық және биологиялық қорғалуын, экологиялық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру;

- Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру.

Соның ішінде, «Танк бөлімшелерін, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану» әскери-есептік мамандығына тоқталғым келеді. Ол кез келген танк экипажы; танк командирінен, танк зеңбірегінің көздеушісінен және танк ме-

ханик-жүргізушісінен құралады. Бұл мамандықтың негізгі мақсаты – студенттерді соғыс уақытына арналған функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті теориялық және практикалық мәселелер бойынша дайындау; студенттерге офицерге қажетті кәсіби-жауынгерлік, моральдық-психологиялық және физикалық қасиеттерді дарыту; жауынгерлік жағдайда қажетті командирлік дағдыларды әзірлеу болып табылады.

Кафедрадағы әскери-есептік мамандарды даярлау барысына әскери кафедраның бастығы, полковник Жақып Кенжебаев, әскери кафедра бастығының орынбасары, запастағы подполковник Абдихан Урустамбеков жетекшілік етеді. Сонымен қатар, студенттердің Отанға деген патриоттық сезімін оятып, қызығушылықтарын арттыруда аянбай еңбек етіп келе жатқан аға оқытушы-запастағы подполковник Қ.Раимбердиев, оқыту-

шы, запастағы подполковник Ж.Абжапбаров секілді білікті танкішілер еңбек етеді.

Қашықтан білім алудың қиындықтарына қарамай, берілген тапсырмаларды үздік орындаған 390 взводында Б.Құлмаханбетов, Б.Нұртай, 301 взводында Р.Джангасиев секілді білімді студенттеріміз бар.

Ел Президенті айтқандай, қазіргі күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу. Еліміздің бақытты әрі жарқын келешегі әр азаматтың қажырлы қызметіне байланысты болмақ.

«Білімді болуға - оқу керек. Бай болуға - кәсіп керек. Күшті болуға - бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, халқымыздың жарқын болашағы үшін бір мақсатпен, бір мүддемен жұмыс жасайық. Әрдайым даму үстінде болайық, білім алуға ұмтылайық.

Мақсат АСАНОВ,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
әскери кафедрасының
аға оқытушысы,
запастағы
подполковник